bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***

2022

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Табыс септік

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 24.05.2022 | https://bilimger.kz/121856/ |

Өтеева Зағима Әбдіқайқызы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | №32.Ә.Жангелдин ЖОББМ. | | | |
| **Пәні:** | Қазақ тілі | | | |
| **Бөлім:** | Табиғат құбылыстары | | | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Өтеева З.Ә. | | | |
| **Күні:** | 2.02.2022 ж | | | |
| **Сынып: 4 Б** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Табыс септік | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 4.2.6.1 – белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.. | | | |
| **Сабақтың  мақсаты** | Кейіпкер туралы пікірін білдіруді үйренеді. Табыс септігімен танысады. | | | |
| **Құндылық Қасиеттер** | Дұрыс әрекет.<br>Шыншылдық,әдептілік,әділдік. | | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін-өзі тану. | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | |
| Сабақтың кезеңі//уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру**<br>**Өзін-өзі тексеру**<br><br>**Өткен білімді еске түсіру**<br><br>**Дәйексөз**<br><br>**Жаңа білім**<br><br>**Бекіту**<br><br>**Кері байланыс** | **Психологиялық ахуалды жақсарту.**<br>Балалар, «Сәлем сөздің анасы»демекші,ең алдымен сабағымызды сәлемдесуден бастайық.<br>Қайырлы таң достар!<br>Қайырлы күн болсын!<br>Бүгінгі күн бізге,<br>Сәттілікке толсын!<br>-Балалар,бәріміз 5 «Т» ережесін еске түсірейікші.<br>«Тәртіп,талап,тыныштық,татулық, тазалық».Осы ережелерді үнемі жадымызда сақтап,күнделікті өмірде қолдана білейік.<br>-Балалар мектебіміз қалай аталады?<br>-Қазақ балаларына мектеп ашқан педагог, ағартушы ұстаз кім?<br>-Ы.Алтынсарин атамыздың неше жылдығын тойладық?<br>-Қандай шығармаларын білеміз?<br>-Тәуелсіздігіміздің неше жылдығын тойладық?<br>-Елбасымыз биылғы жылды қандай жыл деп жариялады?<br>Яғни, Президентіміз «Балаларға ерекше назар аудару керек.Себебі олардың амандығы-мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі»-деп атап өткен болатын.<br>Сондықтан елбасымыз білімді де,білімге құштар балаларға арнап еліміздің рухани астанасы,түркілердің төл мекені,біздің облысымыз,Түркістан қаласындағы Керуен Сарайға саяхатқа жолдама беріп отыр.Сол жолдамадан бізде құр қалмауымыз керек.<br>-Саяхатқа шығамыз ба?<br>Олай болса,<br>«Мектеп-кеме,білім-теңіз»-демекші,білім кемесімен бүгінгі сабағымыздағы тапсырмаларды жақсылап орындай отырып,саяхатқа шығамыз.<br>Саяхатқа шықпас бұрын,топқа бірігіп алайық.<br>-Балалар біз қандай бөлімді өтіп жатырмыз?Ендеше біз табиғат құбылыстарына байланысты топтарға бірігеміз.<br>**Топқа біріктіру.**<br>**1-топ:Қар**<br>**2-топ:Жаңбыр**<br>**3-топ: Бұршақ**<br>Адалдық жүрген жерде,адамдық жүреді.<br>( Нақыл сөз)<br>Сұрақтар:<br>1)Адалдық деген қалай түсінесіңдер?<br>2)Дәйексөзден қандай ой түйдіңдер?<br>**Өткенге шолу.Ұжымдық жұмыс.**<br>**«Құпия әріптер» әдісі.**<br>«Өткенді білмей,болашаққа ұмтылу мүмкін емес»Н.Назарбаев.<br>1.Сөз таптары дегеніміз не?<br>2.Зат есім дегеніміз не?<br>3.Етістік дегеніміз не?<br>4.Сын есім дегеніміз не?<br>5.Сан есім дегеніміз не?<br>6.Біріккен сөз дегеніміз не?<br>7.Қос сөздер дегеніміз не?<br>8.Қысқарған сөздер дегеніміз не?<br>9.Жай сөйлем дегеніміз не?<br>10.Құрмалас сөйлем дегеніміз не?<br>11.Зат есімнің септелуі дегеніміз не?<br>Міне,балалар өткенге шолу жасай отырып,құпия әріптер арқылы жаңа сабағымыздың тақырыбын ашып алдық.<br>**Бейнежазба көрсету.**<br>**1-тапсырма. Керуен Сарай.**<br>**Ұжымдық жұмыс.**<br>**«Кейіпкерге мінездеме» әдісі.**<br>**51-жаттығу.(Ауызша.)**<br>· Мәтінді тыңда.<br>· Тыңдаған мәтін бойынша баланың әрекетіне өз пікіріңді білдір.<br>**2-тапсырма.**<br>**Алтын Самұрық.**<br>**Жеке жұмыс.**<br>**«Мен өзіме сенемін!» әдісі.**<br>**52-жаттығу.**<br>· Сөйлемдерді көшіріп жазып,табыс септігіндегі сөздерді табамыз.<br>1.Халық аққуды «киелі құс» деп есептейді.2.Аққуды қармақтан босаттым.3.Аққулар өзен жағасын әнге бөледі.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Табиғат біздің анамыз,<br>Жер –Ана біздің панамыз.<br>Таза болса табиғат<br>Біз де аман боламыз.<br>Мен жерімді сүйемін.<br>Жеріме дән себемін.<br>Ауа таза болсын деп,<br>Жылда ағаш егемін.<br>· Еліміздің жеті белгісі:<br>Ту,Елтаңба,Әнұран,төлтеңге ,АтаЗаң,Елбасы ,Тіл.<br>**3-тапсырма.**<br>**Сиқырлы керуен.**<br>**Жеке жұмыс.**<br>**«Бір сөйлеммен түйінде» әдісі.**<br>**54-жаттығу.**<br>· Берілген сөздерге табыс септік жалғауын қосып,сөйлем құрап жазамыз.<br>· Табыс септігіндегі сөздердің қай сөздермен байланысып тұрғанын табамыз.<br>Құс, су, күн, өсімдік.<br><br>**4-тапсырма. «Қожа Ахмет Яссауи»кесенесі.**<br>**Топтық жұмыс. «Асар» әдісі.**<br>**Тұжырымдамалық карта.**<br>**1-топ:Қар.**<br>Сурет атауларына табыс септігінің жалғауларын жалғап жазыңдар.Табыс септігі жалғанған бір сөзді қатыстыра отырып шағын мәтін құрап жазыңдар.<br>**2-топ:Жаңбыр**<br>Домбыра сөзін септеп жазыңдар.<br>**3-топ: Бұршақ**<br>Сөздерді оқып топтастыр.<br>Сөздерді қандай белгісіне қарай топтастырдың?<br>Топтардың бір-бірінен айырмашылығын түсіндір.<br>**Үйге тапсырма**:55-жаттығу<br>28-бет<br><br>**«Ауа райы» әдісі.**<br>Мен үшін аздап түсініксіздеу<br>Мен үшін түсінікті.<br><br>Мен үшін түсініксіздеу.<br>**Соңғы тыныштық**:<br>Бүгінгі сабақта алған жақсы қасиеттерді бойларыңызға сіңіріп,жүректеріңізге түйіп алыңыздар. | Психологиялы қ ахуалды жақсартып 5 «Т» ережесінқайта лап айтады.<br><br>Оқушылар топқа бірігеді<br><br>Өткенге шолу жасайды<br><br>Бейнежазба көреді<br><br>Бейнежазба көреді.<br><br>Оқушылар сергіту сәтін жасайды.<br><br>Үй тапсырмасын алады.<br><br>Кері байланыс жасайды | Мадақтап отыру арқылы бағалау.<br><br>Мадақтап отыру арқылы бағалау.<br><br>Дескриптор:<br>Сұрақтарға жауап береді<br>ҚБ:<br><br>Дескриптор:<br>Мәтінді оқып талқылайды-1Б<br>Тыңдаған мәтін бойынша баланың әрекетіне өз пікірлерін білдіреді-1Б<br>**ҚБ:Ыстық ықылыс**<br><br>Дескриптор:<br>Сөйлемдерді қөшіріп жазады-1Б<br>Табыс септігіндегі сөздерді табады<br>-1Б<br>**ҚБ:Бас бармақ**<br><br>Дескриптор:<br>Берілген сөздерге табыс септік жалғауын қосып,сөйлем құрап жазады -1 Б<br>Табыс септігіндегі сөздердің қай сөздермен байланысып тұрғанын табады<br>-1Б<br>**ҚБ: Жүрек жылуы**<br><br>Дескриптор:<br>Әр топ<br>берілген тапсырмаларды ережеге сай орындайды -1Б<br>**ҚБ:** | Слайд<br><br>5Т ережесі<br><br>Слайд<br>Кемелер<br><br>Кеспе парақшалар<br><br>Бейнежазба.<br>Слайд<br><br>Бейнежазба.<br><br>Слайд<br><br>Слайд<br><br>Слайд<br><br>Слайд<br><br>Кері байланыс парағы |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.